

С.Ә.Рахымберлина, М.Қ.Жүнісова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: sagila_a@mail.ru)***Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі бейресми кісі есімдерінің орны**

Мақала қазақ ономастикалық кеңістігіндегі есімдердің түрлерін анықтауға арналған. Автор қазақ антропонимикасындағы ресми және бейресми есімдердің арақатысы, түрлері және өзіндік ерекшеліктері туралы ономаст-ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, өзіндік көзқарасын білдіреді. Тарихи тұлға есімдерінен келтірілген мысалдар негізінде ресми-бейресми есімдер, негізгі-қосалқы есімдер, лақап-бүркеншік есімдердің ерекшеліктерін көрсетеді. Есімдердің ортақ және өзіндік ерекшеліктерін нақтылай келіп, оларды ажыратудың критерийлерін ұсынады.

Кілт сөздер: ономастикалық кеңістік, антропонимика, бейресми есім, қосалқы есім, лақап есім, бүркеншік есім, антропонимиялық «аталым».

Тіл білімі сөздігінде «ономастикалық кеңістік» ұғымына «нақты бір тарихи кезеңде бір мекенде орналасқан тілдік қауымдастықтың ақиқат және қиял-ғажайып нысандарды атауы үшін қолданатын барлық жалқы есімдердің жиынтығы /кешені/» деген анықтама берілген [1]. Тілші-ғалымдар ономастикалық кеңістіктің өз бойында өткен дәуірлердің белгісін сақтай отырып, халықтың қазіргі кезеңдегі ұғым-түсінігі арқылы көрінетін әлем бейнесі ретінде анықталатынына зор мән береді [2].

Ономастикалық кеңістік өз ішінде антропонимика, топонимика, зоономика, этнономика, теонимика т.б. ономастикалық өрістерге бөлінеді. Ономастикалық кеңістіктің негізін құрайтын ядросы антропонимдер болып табылады. Оған көршілес топонимдер, зоонимдер, теонимдер, мифонимдер т.б. орналасса, прагмоним, фалероним, эргоним т.б. есімдер топтары шеткері (перифериялық) позициядан орын алады. Антропонимдердің өз ішіндегі жағдайға келсек, орталық ядросы болып кісінің төл есімі, оған жақын есімнің квалитативті тұлғалары, фамилия және әкесінің аты орналасса, лақап және бүркеншік есімдер ядродан тысқары аймақтан орын алған. Кеңістіктегі есімдердің орналасуы олардың қолданылу дәрежелерін ғана емес, зерттелу жайларын да айғақтайды. Ядродан неғұрлым сыртқары орналасқан есімдер — зерттеушілердің назарын соңғы кездерде ғана аударып бастаған нысандар.

Антропоним (гр. *адам және есім*) — адамды атау үшін қолданылатын барлық жалқы есімдердің тобы. Олар кісінің төл есімі, тегі (фамилия), әкесінің есімі, лақап есім, бүркеншік есім, қосалқы есім сияқты түрлерге ажыратылады.

Кісі есімдерін атқаратын қызметі мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай ресми және ресми емес (бейресми) топтарға бөліп қарастыруға болады. Ресми есімдерге құжаттарда жазылған, мемлекеттік тіркеуде заңмен бекітілген кісінің төл есімі, әкесінің аты, тегі жатса, бейресми есімдерге белгілі бір ортада ғана, көпшілік жағдайда уақытша қолданылатын, таралу ауқымы шектеулі лақап ат, бүркеншік есім және кісінің өз есімінен жасалған не туыстық қатынасты білдіретін құрметтеу, еркелету, жақсы көру мәніндегі қосалқы есімдері жатады.

А.В.Суперанскаяның жалпы есім мен жалқы есімнің айырмашылығы туралы айтқан мына пікірі ресми-бейресми есімдердің арақатысын дәл анықтайды: «Кез келген заттың, яғни объектінің жалпы есімі болатын болса, оның жалқы есім иемденуі міндетті емес. Ал егер де заттың жалқы есімі болса, оның міндетті түрде жалпы есімі бар деген сөз. Бұдан келіп шығатын қорытынды: жалқы есім дегеніміз — затты басқа біркелкі заттардан ажырату, жалпы есімін анықтау, толықтыру үшін қойылған екінші атау» [3]. Яғни адамның бейресми есім түрлерін иемденуі міндетті емес, ал егер де адамның бейресми есімі бар болса, оның міндетті түрде ресми есімі бар деген сөз. Бейресми есімдер — адамның төл есімін толықтыратын, анықтап-ажырататын не жасыратын қосымша атау.

Есімдер ресми-бейресми болып екі топқа бөлінгенімен, трансонимизация құбылысы арқылы бір топтағы есімнің келесі топқа өтуі, сол арқылы халық жадында және тарихта адамдардың заңды түрде бекітілген ресми есіммен емес, бейресми есіммен қалуы жиі кездесетін жағдай.

Ұлтымыздың когнитивтік санасынан мәңгілік орын алған Мөде, Абылай хан, Әйтеке би, Қабанбай, Абай, Шоқан, Сәкен, Балұан Шолақ, Жаяу Мұса, Қаныш, Евней т.б. сияқты тұлғалардың тарихта кейінгі бейресми есімдерімен қалғаны осының дәлелі. Шежірелерде ру, тайпа, халықтың

шығу тегі, таралуы және ерекше оқиғалар мен атақты адамдар, олардың есімдері, көбіне қосалқы не лақап есімдері, олардың қойылу себептері туралы баяндалады. Шежіре ауызша да, жазбаша да таралып отырған. Көне дәуірлерден жеткен жәдігерлер қатарында Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағы», Захираддин Бабырдың «Бабырнамасы», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди», Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі», Жалайыр Қадырғали би Қосымұлының «Шежірелер жинағы» («Тарих-и Ораз-Мұхаммед»), Ш.Уәлихановтың «Қырғыз шежіресі», Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» т.б. атауға болады. Кейінгі кезде жарық көрген С.Толыбеков «Қазақ шежіресі», Ж.Бейсенбайұлы құрастырған «Қазақ шежіресі», бұлардан басқа шежірелік деректер туралы құнды пікірлер Ә.Марғұлан (Шежіре. Қазақ шежіресі //Қазақ совет энциклопедиясы), С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ә.Қайдар (Қаңлы (тарихи шежіре) т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі кісі есімдері, олармен қатар немесе орнына қолданылатын есімнің басқа да түрлері туралы алғашқы ой-пікірлерді біз түркі халықтарына ортақ тарихи ескерткіштерден кездестіреміз. Ғалым Ғ.Айдаров «Күлтегін ескерткіші» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде тарихи тұлғалар, олардың есімдері жайлы нақты тарихи деректерді келтіреді. ҮІІІ ғ. мұрасы болып табылатын ескерткіште кездесетін 20 шақты кісі есімі, негізінен, хан, қолбасылардың және Күлтегінді жерлеуге қатысқан әр рудан келген өкілдердің есімдері екені айтылады. Бумын қаған, Білге (Могилян) қаған, Ілтеріс (Құлұғ) қаған, Істемі қағандармен қатар, Нең (иран сөзі, «жақсы, қайырымды») сеңен (әскербасы), Тадықын Чор — түркі әскерінің қолбасшысы т.б. аталады. Есімдерге берілген түсініктемеден олардың кісінің шын есімі емес, лауазым атаулары мен лақап аттары екендігін көреміз [4].

Түркі тілдерінің бірінші салыстырмалы сөздігі және ең бірінші филологиялық зерттеу — ХІ ғ. ескерткіші — Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит түрк» сөздігінде 98 антропоним келтірілген. Ғалым аталған еңбегінде: «Қылыч хан — Хақания бектерінің құрметті аты. Бұл қылыштай өткір хан деген ұғымды білдіреді» деген түсініктеме береді. «Ат» сөзінің адамның төл есімі және лақап есім, жасырын ат мағынасында қолданылатынын айта келіп, «Афрасияп — Алып Ертона батырдың нағыз аты <...> Бәкәж — тегіндердің лақап аты. <...> Сөкмән — батырларға берілетін лауазымдардың бірі» деп кісі есімі, лақап есімдерімен қатар лауазым атауларын келтіріп, олардың қойылу уәжіне де тоқталады [5].

XVI–XVII ғасырларда өмір сүрген тарихшы әрі мемлекет қайраткері Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың «Жами ат-тауарих», яғни «Шежірелер жинағы» атты еңбегі мол тарихи және ономастикалық материал беретін дереккөз ретінде танылады. Зерттеушілер еңбекті мұсылман дінінің әсері бар шығарма деп таниды. Шежіреде Оғыз ханның алла тағаланың құдіретімен бір жасында өз атын өзі қойғаны, Шыңғыс ханның сегізінші атасы Буданжар ханның екі бауырымен әкелері қайтыс болғаннан кейін «құдайдың құдіретімен... ана құрсағында нұрдан жаратылғаны», сол бабадан Шыңғысханның ұрпағының тарағаны туралы айтылады [6; 28–36]. Еңбектің Шыңғыс әулеті ұрпақтарының шежіресіне қатысты үшінші бөлімінде кісі аттарымен қатар лақап есімдер мол кездеседі. Автор олардың берілу уәжіне қысқаша тоқталып отырады: *Тарқұтай-Қырылтұқ* «Ол Шыңғыс хан арасында көп жаман әрекет ұйымдастырды, дұшпандық қылып еді. Көп жаман пиғылды еді. Мағынасы «Қырылтұқ» — «қастық етуші» болады. Өз туысқандарымен де көп дұшпандық етісті» [6; 40]; Шыңғыстың үшінші атасы Қабыл ханның үлкен ұлы *Өкин Тарқан* (мағынасы «укин» — Хұб Сахиб сұлу, қыз суретті деген), кіші ұлы *Тудан-Отчигин* (мағынасы «отчигин» моғолша кіші (кенже) ұлын айтады, яғни ата-анасының оты, жұрты-малы, туар қарасы, үйі, тірлігі кіші ұлына қалады, оны моғол отчигин дейді. <...> Шыңғыстың өз әкесі Исуге-Баһадурдың бес ұлының Темужиннен кейінгісі *Жошы Қасар* есімді еді. Мағынасы «Жошы Қасар» былайша, «қуатты, құрметті деген ұғым. <...> Көп баһадурлық ерлік қылды. Сол жолдан Жошы Қасар атанды» деген түсініктеме беріледі [6; 42–44]. Келтірілген деректер тарихта осындай тұлғалардың болғанын атап қана қоймайды, сол дәуір антропонимиясы: түрлері, құрамы, уәж, этимология мәселелері туралы мол мағлұмат береді.

Антропонимика тарихында Ю.Немет, Л.Рашони, Л.Н.Гумилев, В.В.Радлов, С.Е.Малов, А.Н.Бернштам, Н.А.Баскаков, И.А.Батманов т.б. сияқты шет ел және орыс ғалымдарының ғылыми талдаулары мен пікірлері көрнекті орын алады. Л.Н.Гумилев өзінің «Древние тюрки» атты еңбегіндегі ономастикалық кестеде көне түркі ескерткіштерінде кездесетін хан-сұлтандардың титулдарын және лақап есімдерін жеке-жеке келтіреді: *Бумын, Тегин-шад, Тонг-джабгу-хан* (ұлы жабғу), *Тардуиш-шад, Дулу-хан, Ышбара, Тонг шад, Ирбис Ышбара джабгу-хан, Дулу-джабгу,*

Багадур джабғу т.б. титул, *Янды* — Жеңді (лақап есім); Тапу хан — лақап есімі *Патра* (садақа жинайтын будда тостағаны); Баға Ышбара хан — лақап есімі *Барымташы*; Юн ұлығ — лақап есімі *Әуелеген тағдыр*; Түзлік — лақап есімі *Арадыр*; Бахадұр жабғу — лақап есімі *Нушиби баһадұр*; Ілбіс, Ышбара Халлығ — лақап есімі *Қалқыған* [7].

Н.А.Баскаков көптеген орыс фамилияларының түркі есімдерінен не лақап есімдерінен жасалғандығын айтып, оның себебін түркі халықтары мен орыс халқының тығыз қарым-қатынасынан іздейді [8]. Кей зерттеушілердің шығыс халықтарының өмірі мен рухани-мәдени құндылықтарын арнайы мақсатта зерттеген миссионер болғандарына қарамастан, ономастика ғылымының дамуына тигізген еңбектері атауға тұрарлық.

Қазақ кісі есімдерінің қойылу үдерісіндегі әдет-ғұрып, наным-сенімдердің орны туралы Ш.Уәлихановтың зерттеулерінен кездестіреміз. Ғалым «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде ел басындағы құрметті адамдардың есімдеріне түсінік беріп отырады: «Ұлағатты ескі сөздерде Жәнібек ақылдылығымен Әз атанған, қазақтар оны Әз Жәнібек дейді. Әз Жәнібектің дана, білгір, шешен биі — Жиренше Шешен болған. Жиренше Шешен айтыпты деген қанатты сөздер қазақ арасында өте көп. Жиренше есімінің ел арасында тапқырлық пен шешендіктің символы болуы, Жәнібек пен Жиренше Шешеннің қосарлана айтылуы тегін болмаса керек» дей келіп, «шешен» сөзінің түп-төркіні *дана*, *ақылды* деген мағынаны білдіретін көне монғол сөзі екенін айтады [9]. А.Байтұрсынов — кісі есіміне тіркесетін анықтауыш-эпитет пен титулдардың ерекшелігін, есімдердің прагматикалық қызметін алғаш байқап, құнды пікір айтушы тұңғыш ғалым [10]. Профессор Қ.Жұбановтың кісі есімдерінің синтаксистік құрылысы, тіркесу қабілеттері туралы ойлары, сондай-ақ жалқы есімдердің жалпы есімге өту үдерісі, ерекшеліктері туралы зерттеулері күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ [11].

Ғ.Мұсабаев есімдердің қосалқы түрлерінің болатыны, олардың кімге берілетіні туралы: «Көне мәліметтерде кісінің аты (есімі) үстіне лақап ат қосқан. Олардың ақсақалдарына, тайпа бастықтарына, батыр-бектеріне, хандарына бала күнінде қойылған есімінің үстіне сайланған күні немесе белгілі бір уақытта лақап ат берген. Біріншіден, атау «ел», «батыр», «ер» «оң», «күн», «ай» деген сияқты болуы немесе белгілі елдің, тайпаның атын немесе жердің, аймақтың аты қосылады екен. Мысалы: Ил (ел) хан, Иле (Иле — өзен аты) хан, Ер Шаньюй Деу Сарын-тағ (өзінің бала күніндегі аты Сарын оған (дәу) тау дегенді қосып айту міндет етілген» деп мәлімдейді [12].

Бейресми топтың көлемді бөлігін иемденуші қосалқы (жанама) есімдердің табиғаты, ерекшелігі, жасалу жолы, лақап және бүркеншік есімдерден айырмашылығы сияқты мәселелер ғалым-зерттеушілердің назарын аудармай қалған жоқ.

Есімдердің аталған топтары жөнінде ономаст-ғалым Т.Жанұзақов: «Қазақ есімдері қоғамда және күнделікті өмірде атқаратын функциясы мен құрылысына қарай бірнеше салаға бөлінеді. Адамның шын атымен қатар лақап, қосалқы есімдердің болуы өмірде бар құбылыс. Қосалқы аттар табиғаты мен түсінігі жағынан лақап аттардан ерекше болғанымен өзара байланысты болып келеді»,— дей келіп, қазақ тіліндегі қосалқы аттардың үш түрлі жолмен жасалатындығын көрсетеді: «Бірінші, ислам дініне сәйкес құраннан қойылған ат және үй ішінде, туған-туыс арасында аталатын ат. Мәселен, Мұханбетрақым — *Мұқамбай* т.б. Екінші, ислам діні бойынша құраннан я кітаптардан қойылған есімдерді қазақылап, қысқарта айту. Мәселен, Ибраһим — Абай, Мұхаметқанафия — *Шоқан*, Сәдуақас — *Сәкен*, Шаймерден — *Шәкен*, Әбдірахман — *Әбіш*, Мағрипа — *Мағыш*, Гүлбаһрам — *Күлташ*, *Күләш* т.б. Қосалқы аттардың үшінші түріне қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүргендері жатады. Бұл әдіс бойынша, паспорттағы аттан басқа тұрмыста қолданылатын қосалқы аты болады. Еркін — *Эрик*, Жолдасбек — *Жора*» деп, түркі халықтарында мұсылман діні негізінде құраннан қойылған аттармен қатар, әр адамның таза ана тілінде қойылған есімдері болатындығына тоқталады [13]. Ғалымның қосалқы есімдерді жасаудағы алғашқы екі тәсілді бөлек қарастырып отырғандығын біріншісінің, яғни эмоционалды-экспрессивтік мәнді қысқарған есімдердің, еркелетуге байланысты қойылатынын, екінші топтың бейтарап оним, яғни тек қазақылап қысқартудан туатынын ажырату мақсатынан деп түсінеміз. Біздің ойымызша, аталған екі тәсілді бір ғана топ етіп қарастыруға мүмкіндік бар сияқты. Себебі екеуі де араб тілі арқылы кірген есімдер, екіншіден, екеуіне де жақсы көру, еркелетуден туған жағымды эмоция тән. Үшінші топ қазақша есімдердің қысқартылып қолданылған тұлғалары болып табылады. Бұл топқа да экспрессивтілік тән. Есімдердің қысқартылып қолданысқа түсуі қай кезде де орын алған. Бүгінгі күні де бұл жағдай жиі кездеседі, тек араб тілінен кірген есімдер ғана емес, қазақтың өз төл сөздерінен жасалған есімдер де түрлі эмоционалды-экспрессивтік реңкте қолданылады. Жақсы көру, еркелету мақсатымен кісінің қазақша өз есімінен жасалған қосымша есіммен елге танылған тұлғалар қатарында: *Әйтеке /Айтық/, Ақан сері /Ақжігіт/*

т.б. жатса, қазіргі кезде орыс тілінің ықпалымен жасалған *Едикко* /Едіге/, *Мадико* /Мадияр/, *Жасик* /Жасұлан/, *Дунчо* /Думан/, *Айка* /Әйгерім/, *Куня* /Қуаныш/ т.б. есімдер бейресми есімнің лақап емес, антропонимиялық «аталым» деп аталатын түріне тән.

Антропонимдердің бейресми тобына жататын эмоционалды-экспрессивтік мәндегі түрлі деминутив есімдердің тілдік табиғаты, қолданылу жүйесі мен ұлттық сипаты М.Д.Мұсабаеваның «Антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы» атты зерттеу жұмысының арнайы нысаны болды. Зерттеуші осы топқа жататын есімдерді антропонимдік «аталымдар» деп атай отырып, туыстық мағынадағы «аталымдар» мен кісінің төл есімінің түрлі мақсатта қысқартылып қолданылуынан туатын антропонимиялық «аталымдарға» қатысты сөздердің тақырыптық, мағыналық және қолданыс ерекшеліктеріне тоқталады [14].

Тарихи тұлға есімдеріне жүргізілген зерттеу жұмыстары есімдердің біразының арабша не қазақша есімдерді қолданысқа ыңғайлы етіп қысқартудан туғанын көрсетсе, кейбірінің аталуына қандай да бір ерекшелік негіз болған лақап есім екенін көрсетеді.

Ғұлама ғалымдар Сәтбаевтың Ғабдулғани есімінің Қанышқа, Бөкетовтің Ибн-Ғабиден есімінің Евнейге өзгеруінің себебін қарастырып көрейік. Қаныш Сәтбаевтың шәкірті Е.А.Бөкетов ұлы ғалымның есімінің өзгеріске түсуін оның атасы Имантай ақсақалдың мұсылманша сауаттылығымен, діндарлығымен, қазақ қоғамының сол кездегі ерекшелігімен, нәрестеге тек арабша есімдердің берілуімен түсіндіреді. («Как Габдулғани стал Канышем? В этом сказались особенности отношения к детям в кочевых казахских семьях. Родители, достаточно просвященные в религиозных понятиях, давали новорожденным имена строго арабские. Обстоятельства, при которых был наречен Каныш Имантаевич, в памяти близких не сохранились. Однако можно полагать, что имя Габдулғани, слагающееся из слов чисто арабского происхождения, было дано сыну Имантая-ақсакала, если не по прямому указанию последнего, то, во всяком случае, не без влияния его, ибо он был довольно начитанным мусульманином»). Ал Евней Арыстанұлының арабша қойылған Ибн-Ғабиден есімінің Евнейге өзгеруінің себебіне ғалымның бауыры Қ.Арыстанұлы төмендегіше түсінік береді: «Әжеміздің Ибн-Ғабиденді қысқартып, Ибнай дейтіні есімде. Біз орыс арасында тұрдық қой. Мектепке алғаш барған күні «Как тебя зовут?» деген ұстазға Евекең «Ибнай» десе керек. Ол кісінің Евней деп жазып алып, құжаттардың солай толтырылып кеткенін кейіннен бір-ақ көрдік» (ауызша сұхбаттан). Демек, сөз болған есімнің екеуі де мұсылман дінінің ықпалымен берілген арабша есімдердің қысқартылып, қазақыланған түрлері.

Қазақтың ұлы ақыны Абай (Ибраһим) мен тұңғыш ғалымы Шоқан (Мұхаммедқанафия) есімдерінің екеуінің де еркелету мақсатында қойылғанымен, араларында айырмашылық барлығы байқалады. Ұлы ақынның есімі жөнінде С.Мұқанов төмендегідей ойын білдіреді: «Абайдың азан шақырып қойған аты — Ибраһим — пайғамбар есімі. Кейін шешесі еркелетіп «Абай» деп кеткен. Қазақта «Абай» — *сақ, көреген* мағынасында қолданылатын сөз. Шешесінің де, халықтың да оны Абай атауы сондықтан болуы ықтимал. Біраз жұрт Абайды «Құнанбайдың Ыбырайы» деп те атаған» [15]. Келесі бір пікір «Есімдер сыры» атты еңбекте келтірілген: «Абай — ел ағасы дегенді білдіреді. Тува тіліндегі *абзыгай* — *от ағасы*, аға, татар тіліндегі *абзыхай, агай* сөздерімен төркіндес» [16]. Ибраһимнің бұл есімге ел ағасы болғанда ғана ие болмағанына, әжесі Зере мен анасы Ұлжанның бала кезінен Абай атандырғанына көңіл аударатын отырып, Ибраһим — Ибрай //Ыбырай — Абай тұлғасын кішірейту, еркелету мақсатымен аталған адамның төл есімінен жасалған қосалқы есім, яғни антропонимиялық «аталым», болар деп ойлаймыз. *Ыбырай* /Ибраһим/ Алтынсариннің есімі де бұл ойымызды дәлелдей түседі.

Ал Шоқан есімінің жайы мүлде бөлек. Жазушы-композитор І.Жақанов оның Мұхаммедқанафия деген өз есімінің Шоқан аталуына қатысты белгілі архитектор Шота Уәлихановтың: «Естуімше, Шоқан бала кезінде әжесі Айғанымнан бір елі қалмай, қасында тізесіне сүйеніп шоқиып әңгіме тыңдап отыра береді екен. Содан әжесі еркелетіп Шоқаш, Шоқыбай, Шоқан атап кеткен» деген пікірін келтіреді. Осы пікірге біз де қосыла отырып, есімнің берілуіне, біріншіден, естеліктерде сақталғандай, бала кезінде-ақ ойынның соңында кетпей, үлкендердің әңгімесін шоқиып отырып тыңдайтын, әжесінің соңынан шоқаңдап еріп жүрген жас баланың тұлғасы уәж болса, екіншіден, Шоқан есімінің Мұхаммедқанафиядан қысқармайтыны тағы белгілі. Халқымыз мұндайда «Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» дер еді. Осы орайда ұлттық әдебиетімізде өзіндік орны бар жазушы Б.Майлиннің есімі туралы да айта кеткен орынды болар: «Б.Майлиннің азан шақырып қойған аты Бимұхамет. Әжесі не іске болса да бала кезінен бейім екенін аңғарып, әрі қазақтың жақсы көрген сәбиін еркелетіп айтатын әдетіне салып, «Бейімбет» деп кеткен»

[17]. Соған қарағанда, Ибрагим — *Ибрай/Ыбырай* — Абай; Сәдуақас — Сәкен; Ғабдулғани — *Қаныш*; Ибн-Ғабиден — *Ибнай* — *Евней* есімдері еркелетуден туған қосалқы есім де, *Шоқан*, *Бейімбет* — лақап есімдер.

Соңғы топтағы лақап және бүркеншік есімдердің өз ішіндегі жағдайға келсек, аталған екі есімнің ара-жігін ажыратуда кедергілердің кездесіп қалатыны жасырын емес. Әрбір есімдер тобының ерекшелігіне қарамастан, бірімен-бірін шатыстыру, екі есім түрінің қайсысына жататындығын анықтауда түсініспеушіліктер бар. Бұл, біріншіден, екі есім түрінің де төл есімге қосымша сипаты болса, екіншіден, екеуіне тән «жалған, шын есім емес» деген қарапайым түсініктің сөздіктерде нақтылануы. Мысалы, «Қазақ тілінің сөздігінде» лақап атқа «жалған есім» [18], ҚТТС-де «жасырын, жалған ат, бүркеншік ат» деген түсіндірме беріледі [19]. Ғылыми-көпшілік әдебиеттер мен баспасөз бетінде мынадай деректердің кездесуінің себебін сондықтан деп ойлаймыз: «Бүркеншік есімдердің төл атауға айналып кеткен мысалын да әдебиет пен мәдениет тарихынан табамыз. Мысалы, «Үкілі Ыбырай» (Ыбырай Сандыбайұлы), «Балуан Шолақ» (Нұрмағанбет Баймырзақұлы), «Албан Асан» (Асан Барманбекұлы) — автордың шын есіміне айналған жанама аттар» [20]. Автордың бүркеншік есімге теліп отырған есімдердің (соңғы есімнен басқасы) шын мәнісінде лақап есім екендігі анық. Өйткені Ыбырайдың да, Нұрмағанбеттің де бұл есімдерді өз қалауларымен таңдап алмағандары, екі жағдайда да есімді беруші халық екені ақиқат.

Демек, лақап ат, бүркеншік есім және антропонимиялық «аталымдарды» ортақ белгілеріне қарап бейресми кісі есімдері деп жалпы атаумен қатар, олардың өзіндік ерекшеліктеріне қарап жекелеген түрлерге бөліп қарастырамыз. Олардың арақатысы, айырмашылықтары түрлі критерийлер арқылы белгіленеді.

1. Қосалқы (жанама) есімдер:

- кісінің төл есімінің белгілі бір бөлігін сақтау арқылы қысқартылады;
- әдетте, сәби кезінде қойылып, жақсы көру, еркелету мәнді болып келеді;
- отбасында, яғни күнделікті тұрмыста, қолданылады;
- мағынасы анық болмайды.

2. Лақап есімдер:

- аталушының белгілі бір (жағымды-жағымсыз) қасиетіне байланысты қойылады;
- кісінің төл есіміне қатысты болмайды;
- апеллятивтің мағынасы айқын, аталу уәжі белгілі;
- қосалқы есімге қарағанда, таралу ауқымы кеңірек.

Аталған ерекшеліктердің шартты түрде екендігін ескерте кеткен орынды болар, себебі есімнің екі түріне де түрлі эмоциялар тән, екеуі де күнделікті қолданысқа (әсіресе отбасында) ыңғайлы, соған лайықталған. Қосалқы есімдер, әдетте, отбасы не туыстар арасында ғана қолданысқа ие болса (мысалы, Едіге/Едіко, Наурызбай/Нәукен, Мадияр/Мадико), лақап есімдердің таралу ауқымы одан гөрі кеңірек, яғни ауыл көлеміне дейін болуы мүмкін. Жоғарыда аталған тарихи тұлға есімдеріне қатысты деректер қосалқы есімнің де, лақап есімдердің ұлттық-халықтық деңгейге дейін жеткендіктерінің куәсі болып табылады.

Қорыта келгенде, есімдердің бейресми тобына жататын қосалқы, лақап, бүркеншік сияқты түрлерінде кісінің төл есіміне қарағанда, ұлттық сипат, ұлттық мінез-құлық, ұлттық ерекшелік басым болып келеді. Тілден тыс түрлі әсерлерге қатысты туған бейресми есімдер тобының кісінің төл есіміне қосымша есім болып таңылып, кей жағдайда оны мүлде ауыстырып, үнемі қолданыста болғандықтан, ресми сипат алатынын байқауға болады. Бұдан ол есімдер ресми болып кетеді деген пікір тумаса керек. Тарихи тұлға есімдерінің кітаптар мен оқулықтарда берілу тәртібі бұл ойымызға дәлел бола алады: *Абай* (Ибраһим) Құнанбаев, *Шоқан* (Мұхаммедқанафия) Уәлиханов, *Абылай хан* (Әбілмансұр), *Шал ақын* (Тілеуке Құлекеұлы) т.б. Бейресми есімдердің өз ішіндегі жағдайға келсек, бір қарағанда ұқсас көрінетін есім түрлерінің әрқайсысының қолданыста және мағыналық ерекшеліктері барын байқаймыз. Ғалым-этнограф А.Сейдімбековтің сөзімен айтар болсақ, «осынау есімдерден адамның табиғи бітім-жаратылысы мен мінез-құлқы ғана мен мұндалап тұрған жоқ, мұнан халықтың түйсік-танымы, дүниені өз қабылдау ерекшеліктері заңдылықтары бойынша көре білетін көңіл зердесі де айқын байқалады».

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Подольская Н.В.* Словарь русской ономастической терминологии. — М.: АН СССР, 1988. — 192 с.
- 2 *Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х.* Теория и методика ономастических исследований. — М.: Наука, 1986. — 256 с.
- 3 *Суперанская А.В.* Структура имени собственного (фонология и морфология). — М.: Наука, 1969. — С. 38.
- 4 *Айдаров Ф.* Күлтегін ескерткіші: Зерттеунама. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 61–64-б.
- 5 *Қашқари М.* Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») — Алматы: Ана тілі, 1993. — 25–28-б.
- 6 *Жалайыр Қ.* Шежірелер жинағы. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 128 б.
- 7 *Гумилев Л.Н.* Древние тюрки. — М.: Наука, 1967. — С. 464.
- 8 *Баскаков Н.А.* // Антропонимика — М., 1970.
- 9 *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. 2-бас. — Алматы, 1985. — 119-б.
- 10 *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 277-б.
- 11 *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. — Алматы: Ғылым, 1999. — 409-б
- 12 *Мұсабаев Ф.* Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. — I-б. — Алматы, 1966. — 92-б
- 13 *Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы: лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау. — Алматы: Ғылым, 1971. — 75-б.
- 14 *Мұсабаева М.Д.* Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы: Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 1996. — 27-б.
- 15 *Мұқанов С.* Қазақ қауымы: тарихтық және этнографиялық шолу. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 275-б.
- 16 *Жанұзақов Т., Есбаева К.* Есімдер сыры. — Алматы, 1974. — 11-б.
- 17 *Бейісқұлов Т.* Бейімбеттің 71 бүркеншік аты // Егемен Қазақстан. — 2003. — 26 ақп. — № 45–48.
- 18 Қазақ тілінің сөздігі / Құраст.: Т.Жанұзақ. — Алматы: Дайк-Пресс, 1999. — 443-б.
- 19 ҚТТС. — 7-т. — Алматы: Ғылым, 1983. — 48,49-б.
- 20 *Бәйменше С.* Псевдоним деген не? // Зерде. — 2003. — № 3.

С.А.Рахымберлина, М.К.Жунусова

Место неофициальных имен в ономастическом пространстве казахского языка

Статья посвящена определению видов имен в ономастическом пространстве казахского языка. Авторами проанализированы взгляды ученых-ономастов о видах и особенностях официальных и неофициальных имен в казахской антропонимике, а также об их взаимосвязи. На основе конкретных примеров выделены группы официальных-неофициальных, основных-дополнительных имен, а также псевдонимов и прозвищ. Охарактеризованы их общие признаки и отличительные особенности, предложены критерии отличия названных групп имен.

S.A.Rahymberlina, M.K.Zhunusova

Place of informal names in onomastichesky space Kazakh language

Article is devoted to definition of types of names in onomastichesky space of the Kazakh language. The author analyzes views of scientists-onomastov about types and features of official and informal names in Kazakh anthroponimics, and also about them interrelation. On the basis of concrete examples allocates groups of official-informal, main-additional names, also pseudonyms and nicknames. Characterizes their general signs and distinctive features, offers criteria of difference of the names told groups.

References

- 1 Podolskaya N.V. *Dictionary of the Russian onomastichesky terminology*, Moscow: Academy of sciences of the USSR, 1988, 192 p.
- 2 Superanskaya A.V., Staltmana V.E., Podolskaya N.V., Sultanov A.H. *Theory and technique onomasticheskikh of researches*, Moscow: Nauka, 1986, 256 p.
- 3 Superanskaya A.V. *Struktura of a proper name (phonology and morphology)*, Moscow: Nauka, 1969, p. 38.
- 4 Aydarov G. *Pamyatnik Kyultegin. Research*, Almaty: Ana tili, 1995, p. 61–64.
- 5 Kashkari M. *Ancient Turkic language («Duani lugat it-turk»)*, Almaty: Ana tili, 1993, p. 25–28.
- 6 Zhalayir K. *Genealogical collection*, Almaty: Kazakhstan, 1997, 128 p.

- 7 Gumilyov L.N. *Ancient Turkic peoples*, Moscow: Nauka, 1967, p. 464.
- 8 Baskakov N.A. *Antroponimika*, Moscow, 1970.
- 9 Ualikhanov Sh. *Favourites. 2 prod*, Almaty, 1985, p. 119.
- 10 Baytursynov A. *Theory of Language*, Almaty: Ana tili, 1992, p. 277.
- 11 Zhubanov K. *Researches on the Kazakh language*, Almaty: Gylym, 1999, p. 409.
- 12 Musabayev G. *From history of the Kazakh language and grammar*, 1 p., Almaty, 1966, p. 92.
- 13 Zhanyzakov T. *History of the Kazakh names: Linguistic and historical and ethnographic analysis*, Almaty: Gylym, 1971, p. 75.
- 14 Musabayeva M.D. *Etnolingvističeskaya the characteristic the antroponimicheskih «nominative» in the Kazakh language*. Cand. phil. sci. ... avtoref., Almaty, 1996, p. 27.
- 15 Mukanov S. *Kazakh society: Historical and ethnographic analysis*, Almaty: Ana tili, 1995, 304 p.
- 16 Zhanuzakov T., Esbayeva K. *Secrets of names*, Almaty, 1974, p. 11.
- 17 Beyiskulov T. *Beyimbet's 71 pseudonyms // Egemen Kazakhstan*, 2003, February, 26, 45–48.
- 18 *Dictionary of the Kazakh language / Originators: T.Zhanuzak*, Almaty: Dayk-Press, 1999, p. 443.
- 19 *Explanatory dictionary of the Kazakh language, 7-t.*, Almaty: Gylym, 1983, p. 48, 49.
- 20 Baymenshe S. Zerde, 2003, 3.

ӘОЖ 81. 42:811.512.122.

А.З.Қазанбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: k_ainagul@mail.ru)

Төлеген Айбергенов лирикасы тілінің көркемдігі

Мақалада Т.Айбергенов лирикасы тілінің лингвистикалық табиғаты қарастырылған. Ақын лирикасындағы сөзқолданыстар бейнелігімен, айшықты мәнерлігімен айқындалып, әрбір ұлт тілінің көрінісі болып табылатындығы айтылған. Олардың лексика-семантикалық мәні, стильдік қызметі, мәтін ішіндегі қолданысы берілген. Т.Айбергенов ешкімге ұқсамайтын сөз өрнектерімен ерекшеленіп, образды сөзқолданыстар ақын лирикасының көркемдігін, шынайылығын, мағыналылығын, ерекшелігін көрсететіні лингвистикалық талдау негізінде берілген. Т.Айбергенов өзінің лирикасының тілі арқылы қазақ поэзиясында қолтаңбасын қалдырған ақын екендігі айқындалған.

Кілт сөздер: сөз құдіреті, ұлттық сипат, бейнелі-көркем сөздер, стильдік қызметі, лингвостилистика, шеберлік, поэтикалық тіл, тілдік құралдар, эстетикалық деңгей, сурет-образ, контекст, поэзия, метафоралық қолданыс, семантикалық мән-мағына, экспрессивтік бояу.

Кез келген халықтың сарқылмас мәдени мұрасын танытатын ұлттық тілі екені белгілі. Өйткені «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгі болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтала-молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі дегеніміз — сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі»,— деп академик жазушы, ұлт тілінің тазалығын ойлаған сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің осылай шегелеп айтуының қазірге дейін құндылығы жоғары екенін, қанша уақыт өтсе де көкейкестілігін айқын көреміз [1].

Сондықтан ана тіліміздің қадір-қасиетін биікке көтеріп, қастерлей отырып, оның жетілу, даму, толығу, баю процесін жан-жақты зерттеп, жас ұрпақ санасына жеткізу бүгінгі өмір талаптарының бірі десек те болады. Оқырманын ойлантып, санасын сәулелендіретін көркем әдебиет тілінің орны айрықша екені сөзсіз. Эстетикалық деңгейі жоғары, айтар идеясы айқын, мазмұны терең көркем шығарма оқырманға сөз құдіреті арқылы жетеді. Сөз құдіреті арқылы суреткер тілінің әсемдігі, көркемдігі, тілдік құралдар мен тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөздерді қиыстырудағы ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік жаңалығы танылады.